

Келісемін

«Қостанай облысы
әкімдігінің білім
басқармасы» ММ
басшысы


З. Байменова

2022 жылғы «__» қаңтар



Бекітемін

«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы

Е. Қалмақов

2022 жылғы «__» қаңтар



**Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және
Балалар жылына арналған
«Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысының
ЕРЕЖЕСІ**

Тобыл-Торғай өңірінде ақындар мектебінің қалыптасуына ықпал еткен «Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысының тұсауы кесілгеніне биыл отыз жыл толып отыр. Ең алғаш 1992 жылы өткізілген жас өнерпаздар додасы желісін үзбей, дәстүрлі өлең-жыр думанына айналды. Көптеген өреннің талабын ұштап, қабілетін шыңдауға, шабытын қамшылауға септігін тигізді. Өңірде айтыскер ақындар ортасының кеңеюіне, талай «бұлақтың көзін ашуға» себепші болды. Осы жоба аясында айтыскер ақындардың бірнеше буыны қалыптасты.

Сол сабақтастық әлі күнге үзілмей келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдерінен бастап тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан оқушылар айтысы жыл сайын әртүрлі маңызды тақырыптарды арқау етіп отырды.

Осымен отызыншы рет ұйымдастырылғалы отырған облыстық «Жас тұлпар» оқушылар айтысы ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және Балалар жылына арналмақ.

Өткізілетін мерзімі

2022 жыл, 12-13 сәуір

Ұйымдастырушылар

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

Мақсаты

- Болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- Қазақ тіл білімінің атасы, қазақ халқының рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбек жолдарын насихаттау, мұрасын дәріптеу;
- Өз ойын поэзия тілімен шебер жеткізе алатын оқушы ақындарды анықтау.

Айтыстың жалпы сипаттамасы

- I кезең – аудандық деңгейде өтеді;
- II кезең – облыстық айтыс.

Қатысушыларға қойылатын талаптар

Қатысушылардың ойдан өлең құрастыру шеберлігі, суырып салмалығы, домбыра тартуы, сөз өткірлігі, сөз тапқырлығы, ұлттық киімде өнер көрсетуі талап етіледі. Облыстық ақындар айтысының жеңімпаздары аймақтық, республикалық оқушылар айтысына қатысуға ұсынылады.

Айтыстың өткізілу тәртібі

- I кезең – іріктеу кезеңі;
- II кезең – ақтық сын (финал);
- Ақындардың айтысу уақытының ұзақтығы – 20-25 минут

Қазылар алқасы

- Қазылар алқасының құрамы елімізге танымал ақын-жазушылардан, айтыс өнерінің қыр-сырын білетін кәсіби мамандарынан тұрады;
- Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

Өтініштерді тапсыру шарттары

- Қатысушы жайлы толық ақпарат (*аты-жөні, шығармашылық түйіндеме, сыныбы, жетекшісі, байланыс телефоны, айтыстарға қатысқандығы жөніндегі мәлімет*) көрсетілуі керек;
- Өтінімдер hsb@ocsnt.kz электронды почтасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтова к-сі, 15 үй мекен-жайы бойынша 4-ші сәуірге дейін қабылданады.
- Байланыс телефоны: 8 (7142) 56-01-29, 56-04-12,

Жол шығындары, тамақтану

Жол шығындары, тамақтану жіберуші жақтың есебінен.

Өтінім

Аудан, қала	
Қатысушының аты-жөні	
Жас ерекшелігі	
Оқу орыны, сыныбы	
Шығармашылық түйіндемесі, Айтыстарға қатысқандағы мәлімет	
Жетекшісінің аты-жөні, байланыс ұялы тел:	
Қатысушының байланыс ұялы тел:	